

# «БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – АДАМДАРҒА БАҒДАРЛАНҒАН СЕРВИСТІК АППАРАТ ҚҰРУ»

Мемлекеттік қызметтегі өзгерістер мен жаңашылдықтар туралы маңызды сұрақтарға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысы Мұрат БАЙСАЛОВ жауап береді.

– Қазіргі таңда жастарды мемлекеттік қызметке тарту жұмыстары жүргізілуде, осы туралы айтып берсеңіз.

– Қазіргі әлемде мемлекеттік және жеке секторлар үшін басым міндетке айналған адам ақыл-ойы мен таланттары іздеу үшін күрес белсенді дамып келеді. Өз кезегінде мемлекет орта білім беруді қамтамасыз етуге кепілдік береді, жыл сайын жоғары білім алу үшін оңдаған мың грант беледі. Мемлекеттің қоғам өмірінде атқаратын ролін ескере отырып, болашақта мемлекеттік қызмет қатарын, ең алдымен, мемлекет есебінен жұмыс істейтін білім беру мекемелерінің үздік өкілдерімен толықтыруға сену орнында болар еді. Осындай әрекеттер пайда әкелуге және ел мүддесі жолында жұмыс істеуге, ел азаматтарының ал-ауқатына өз үлесін қосуға, демек жастар арасындағы патриоттық қазқарсақ тұрақты сенімді мақсатты түрде қалыптастыру болып табылатынын анық.

Бәсекелестіктің қалыптасқан шарттары мемлекетті 2023 жылы аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдардың төменгі лауазымдарына жоғары оқу орындарының үздік түлектерінің кіру рәсімін жеңілдетуге ынталандырды. Қазір мемлекеттік грантпен оқу орындарына жоғары көрсеткішпен аяқтаған үздік түлектер аудан мен ауылдық жерлерде төменгі лауазымдарға конкурстық іріктеуісіз, тікелей тағайындалуда. Бұл тетік білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдетеді. Норма енгізілгеннен бастап мемлекеттік лауазымдарға жоғары оқу орнының 49 түлегі орналасты (2023 жылы – 9, 2024 жылы – 40). Қазіргі таңда олар бас және жетекші маман лауазымдарында қызмет атқаруда.

Сонымен қатар өткен жылы алғашқы рет өңірлік қатар резервіне іріктеу өткізіліп, резервке 30 адам қойылды. Жобаның негізгі мақсаты – жас бақыраушылардың өңірлік пұлын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту. Іріктеуге 35 жасстан астаған, жоғары білімді, үш жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатысуға мүмкіндік алды. Резервке алынған адамдар жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органның келісімімен конкурс өткізілімнен орналаса алады. Бүгінгі күнге резервдершіл қаратынан бес адам меритократия принципі негізінде жоғары тұрған лауазымға ілгерілетілді.

– Бүгінгі күні мемлекетімізде цифрландыру үдерісі кең орын алуда. Бұл үдерістер мемлекеттік қызметке де қатысты ма?

– Иә, әрине. Мемлекет басшысы Бекіткен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекеттік қызметті цифрландыруға айрықша көңіл бөлінген. Тұжырымдамасында мемлекеттік қызметті одан әрі дамытудың басты қағидатының бірі ретінде мемлекеттік қызметтегі HR-процесті басқару және цифрландыру айқындалды. Бұл ретте мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту, мемлекеттік қызметке кіруді және одан шығуды жеңілдету, дарынды басқарушыларды және жеке сектордан кәсіби мамандарды мемлекеттік қызметке тарту, мемлекеттік қызметке іріктеуді цифрландыру мақсатымен онлайн режимде конкурстық іріктеуді өткізу басалды. Енді азаматтарымыз әлемнің көз келген нүктесінен және қалаған

уақытында «eqyzmet.gov.kz» сілтемесі арқылы сыртқы интернет-порталға тіркеліп, конкурста оңдаын форматта қатыса алады. Үміткерлерге мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде несідендіру және анонимділікті қамтамасыз ету мақсатымен ID-нөмір беріледі (конкурста қатысушылар мен мемлекеттік орган үміткердің аты-жанын көре алмайды). «Е-қызметте» барлық маңызды ақпараттық жүйемен интеграция жасалды. Ол мемлекеттік қызметке үміткерлерді артық құжат жинаудан босатады. Сондай-ақ «адам фактор» ықпалын болдырмау үшін конкурс рәсімінің ашықтығын тәуелсіз прокторинг (жүйенің автоматты бақылау функциясы арқылы байқау кезеңдерін бақылау және қадағалау рәсімі) жүйесі қамтамасыз етеді. Іріктеуге қатысу үшін үміткер өзіннің техникалық жабдықтарын (компьютерді, интернеттің тұрақты жылдамдығы кемінде 5 мб/сек, жұмыс істеп тұрған веб-камера, микрофон және жеткілікті көрінуді қамтамасыз ететін жарықтандыру) пайдаланады.

Тестілеу жүргізілетін нормативтік құқықтық актілер саны екі есеге, 9-дан 4-ке дейін қысқартылды. Өз кезегінде тестілеуде шекті мәнді еңсермеген қатысушылар тестілеуге үш күннен кейін және тестілеу тәртібін бұзған жағдайда бір айдан кейін қайта жіберіледі. Сонымен қатар қатысушылардың құзыреті мен қабілетін бағалауына басымдық берілетін жаңа іріктеу жүйесі жеке қасиетті бағалау, сондай-ақ осы кезеңнен сәтті өткен үміткерлер мәлімдік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау кезеңдерді қамтиды. Осы кезеңнен кейін үміткерлердің жалпы санының жартысы, бірақ кемінде үшеуі әссе жазу кезеңіне жіберіледі. Бұл – басшылық лауазымдар үшін міндетті кезең.

Соның кезең – ол мемлекеттік органның конкурстық комиссиясында әңгімелесу. Үміткерге бос лауазым бойынша және алдыңғы жұмыс орындарының қызметтік функционалды бағыттарына сәйкес жеке қасиетті тұрғысынан жалпы сипаттағы сұрақтар қойылады. Яғни заңнамада көрсетілген нақты талаптар бойынша кәсіби сұрақтар қойылаыды.

Конкурстық комиссия құрамының үштен бір бөлігі бос лауазымның функционалды бағыттарына сәйкес салаларда үш жыл жұмыс тәжірибесі бар бағалаушылардан тұрады. Нәтижесінде осы жоба азаматтарға шынайы бәсекелестікке жол ашатын, іріктеу кезеңдеріне ыңғайлы уақытта қатысуға мүмкіндігін беретін, рәсімдері толық цифрландырылған іріктеу жүйесі болып, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен қолжетімдігін қамтамасыз етеді.

– Әр мемлекеттік қызметшінің лауазымдық ілгерілеуі бойынша ойы бары анық. Бұл бағытта қандай механизмдер көзделген?

– Мемлекет басшысы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында тағайындаулар кезінде кандидаттардың кәсіби және моральдық сапалары, сондай-ақ бұрынғы лауазымдардағы нәтижесі ескерулі қажет екенін, меритократия қағидатын сақтау қажеттігін атап өтті. Меритократия өңбегіне қарай қызметте өсу жүйесі ретінде, мемлекеттік қызметтегі табыс пен мансаптық өсу кәсіби жетістіктерге, білімге және біліктілікке байланысты екенін білдіреді, ал жеке байланыстар мен мәртебеге жауыпты болмайды. Мемлекеттік қызметті таңдау жағдайында меритократия қағидаты ерекше маңызды, өйткені ол халыққа көрсетілетін қызметтер сапасын арттыра отырып, ең білікті және ынталы қызметкерлерді тартуға мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстан облысында меритократия – мемлекеттік қызметтің ашық, есепті және нәтижелі жүйесін құрудың негізі. Мұнда

әрбір қызметкер өз еңбегінің лайықты бағаланатынын және мансаптық мүмкіндігі жеке үлесі мен біліктілігіне байланысты екенін түсінеді. 2024 жыл қорытындысы бойынша өңірде мемлекеттік қызметтегі меритократия деңгейі 73,8%-ды құрап отыр. Өткізілген 180 ішкі конкурс нәтижесінде 79 кандидат жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде бұл көрсеткіш 65% болған еді.

– Департамент – мемлекеттік қызмет саласындағы бақылаушы орган. Осы ретте бақылау жұмыстары қалай жүргізіледі?

– Департаменттің бақылау функциясын жүзеге асыру кезінде бұзушылық профилактикасы мен мемлекеттік қызметшілер құқығының қорғалуына басымдық беріледі. Қазіргі кезде департамент бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған талдау және мониторинг жүргізіп, анықталған бұзушылықтардың басым бөлігі осы жұмыстар арқылы анықталды. Аталмыш жұмыс заңнаманы бұзудың ауыр салдарына алып келмейтіндей тиімділігін көрсетіп отыр. Нақты мысалдарға тоқталатын болсақ, талдау нәтижесі бойынша 17 мемлекеттік қызметшіге заңнама талабы сақталмай қолданылған тәртіптік жазалардың күші жойылып, олардың бұзылған заңды құқығы қалпына келтірілді. Осыған қоса үстеме жұмысқа тарту фактісіне жүргізілген мониторинг нәтижесінде 202 мемлекеттік қызметшіге қосымша демалыс уақыты ұсынылды. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне іссапар шығынын төлеу талабының сақталуына жүргізілген талдау нәтижесінде іссапар шығыны уақтылы төленген 60 мемлекеттік қызметшіге тиісті 3 657 854 теңге көлемінде төлем жүргізілді. Департамент 25 мемлекеттік қызметшіге негізсіз 4 868 107 теңге көлемінде төленбеген бонусты төлеуді қамтамасыз етті.

Департамент қызметінің басым бағытының бір – халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Осы ретте департаментке келіп түскен өтініштер бойынша қызмет алушылардың бұзылған құқығы қалпына келтірілген. Өткен жылы департамент 24 қызмет алушының құқығын қалпына келтірді. Бұл ретте мемлекеттік қызме алу саласындағы мәселелерді жедел шешуге және қызмет алушылардың құқығы мен заңды мүддесінің бұзылуына жол бермеуге бағытталған Telegram чат іске қосылды. Ол үшін халыққа қызмет көрсету орталықтарында азаматтарды Telegram парақшасына бағыттайтын арнайы QR-кодтар көрсетілген. Аталған арна арқылы азаматтар қандай да бір қызметті алу кезінде туындаған мәселелер бойынша шағымдана алады. Заңбұзушылық анықталған жағдайда департамент қызметкерлері оларды жою жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

– Департамент – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауына тікелей бақылау жүргізетін орган. Осы орайда өңірде әдеп бұзған мемлекеттік қызметшілер бар ма?

– Департамент аталған функцияны жүзеге асыру кезінде заңбұзушылық профилактикасына басымдық берді. Жыл басынан бері мемлекеттік қызметшілерге заңнама талабын түсіндіру, қызметтік әдепті нығайту бағытында 179 іс-шара өткізілді. Десек те құқық қолдану практикасында әдеп талабын сақтамаған мемлекеттік қызметшілер анықталды. Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік жауапқа тартылуына мониторинг нәтижесінде бірқатар мемлекеттік орган қызметкерлері белгіленген талапты сақтамайтыны анықталды. Бұл ретте айта кетуіміз керек, әдеп бұзушылық профилактикасы бағытында департамент, бір жағынан, түсіндірме жұмысын белсенді жүргізе, екінші жағынан, бұзушылыққа жол берген кінәлі тұлғалардың тиісті жауапкершіліктен жалтаруына жол бермеу бойынша шаралар қабылдауда.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«КТК-888» ЖШС 2025 жылғы 4 ақпаннан бастап бес жұмыс күні ішінде экологиялық бірыңғай портал еsportal.kz сайтында «Теректі ауданы, Подстепный ауылдық округі, 270 шақырым мекенжайындағы 400 бас аналық малға арналған тауарлы сүт ферма кешенінің құрылысы» жұмыс жобасына байланысты «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «КТК-888» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный ауылдық округі, Юбилейный ауылы, Хиуаз Доспанова көшесі, 9-үй, 1-пәтер. БСН: 220840011821. Байланыс телефоны: +7(707)700-12-50.

Жобалық құжаттамалар пакетімен экологиялық бірыңғай портал еsportal.kz сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар еsportal.kz экологиялық порталы арқылы қабылданады. Барлық мүдделі тарапты талқылауға қатысуға шақырамыз!

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «КТК-888» сообщает, что с 4 февраля 2025 года в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале еsportal.kz будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство молочного-товарной фермы «КТК-888» на 400 голов маточного поголовья по адресу: ЗКО, Теректинский район, Подстепновский с/о, 270 км.»

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «КТК-888», Республика Казахстан, ЗКО, Теректинский район, Подстепновский сельский округ, село Юбилейное, улица Хиуаз Доспанова, дом 9, кв. 1. БИН: 220840011821. Контактный телефон: +7(707)700-12-50.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале еsportal.kz. Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале еsportal.kz.

Просим всех заинтересованных лиц принять участие в обсуждении!

После смерти Мухамбетова Ескали Айдынгалиевича, умершего 03.09.2024 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Ф.И. Бекетова. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар, 9, оф. 1. Тел.: 8 702 383 21 91.

После смерти Люктинова Николая Васильевича, умершего 22.08.2024 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Ф.И. Бекетова. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар, 9, оф. 1. Тел.: 8 702 383 21 91.

После смерти Каратаевой Марии Васильевны, умершей 27.07.2024 года, открылось наследство у нотариуса Теректинского района ЗКО Ф.И. Бекетова. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар, 9, оф. 1. Тел.: 8 702 383 21 91.

Меншік иесі: "Жайық Пресс" ЖШС  
Бас директор  
Дархан УРАЗОВ  
"Жайық Пресс" ЖШС Теректі аудандық "Теректі жаңалығы-Теректинская новь" қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторы  
Темірболат ТОҚМАМБЕТОВ

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Директордің дәлдігі үшін автор жауапты.  
Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі берген куәлік 19.01.2012 жылы тіркелген. Тіркеу нөмірі №12268-Г

Мекен-жайымыз: 091100 Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Федоров ауылы, Бойнов көшесі, 18-үй  
Телефондар: Редактор: (871132) 21-2-37  
Жауапты жатшы (факс): (871132) 23-3-96  
Біздің электронды поштамыз: E-mail: terektagazeta@gmail.com  
А) белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет "Жайық Пресс" медиахолдингіде компьютерлік әдіспен құрылып, беттелді. "Полиграфсервис" ЖШС баспаханасында басылды. Орал халасы, Л.Толстой көшесі, 27/6.  
Газет аптасына 1 рет шығады  
Көлемі 2 баспа табақ  
Таралымы: 2338 дана